

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 наурыздағы N 369А қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 шілдедегі N 798 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.09.04. N 835 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жоспардан тыс салықтық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдері Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына есепке алынатын шикізат секторы ұйымдарының тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 наурыздағы N 369А қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 1-қосымшада: реттік нөмірлері 3, 11-жолдар алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 15-жолмен толықтырылсын:
"15 "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" акционерлік қоғамы";

2) көрсетілген қаулыға 3-қосымшада: реттік нөмірлері 3, 10-жолдар алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 12-жолмен толықтырылсын:
"12 "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" акционерлік қоғамы".

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 сәуірден бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі